

ЕЛІҢ ҮШІН ЕҢСЕҢ ЕРЕН ЕР ЕДІҢ



ТҮРМЕДЕ

Түнеріп тұр, тұнжырап далада бұлт,
Түрмеде жалғыз өзім тірі жүрген.
Отырмын аңсауменен таза ауаны,
Келешек өмірімнен күтіп үміт.

Достарым тым алыста бұлғайды қол,
Адастым қараңғыдан таба алмай жол.
Буыным қатпағандай дірілдеймін,
Маңайым болғаннан соң шырмаулы тор

Қызықтап сығалаймын терезеден,
Аумаитын торлы көзді керегеден.
Сезімі жас жанымның шыдатпайды,
Жарькын көріп күннің елегізумен,

Ертең ақ шығам күліп абақтыдан,
Елім бар өр ұлдарын мадақтаған
Сары арқа самалыңда ұшармын мен.
Аймалап ата-анамдай ардақтаған

Талаптың тұрам әлі биігнде,
Жалын бар өшпес менің сүйегімде.
Қасірет жан-жағымды қоршап жатса,
Ағытам киелі өнер тиегінде...

Ел тарихында ұлтымыз үшін орны толмас қасірет болған зобалаң жылдар тарихы естен кетпейді. Солақай саясаттың құрбаны болған, мыңдаған азаматтарымыздың халық үшін сіңірген еңбегі ұрпақ жадында мықтап жаңғыра бермек. Бостандықтың бодауына өзінің жастық шағын құрбан еткен, ақын жерлесіміз Зейнолла Игілікұлының өмірден озғанына биыл 23 жыл толмақ. Жасындай жарқылдаған жастық шағын Сібірдегі саяси тұтқын-дар лагерінде азаппен өткізсе де артына ғұбратқа толы мол дүние қалдырды. Жазықсыз жипа шеккен Зейнолла ағаның жат жерде жүіп жазған жыр өлеңдері мен мақал-мәтелдерін назар-ларыңызға ұсынып отырымыз.


Көз керек көкіректей қырағы алға,
Болмаса ер ер емес шалыс келед.

Ақыл керек ой керек білім керек,
Досқа қабақ, дұшпанға күлім керек.
Ер керек халық оны сыйлайтұғын,
Тек сонда ер мен елі дүйім келед

Темір тор шынжыр болса үзіс керек,
Тұрса шын быт шыт ете бұзыс керек
Қапаста таршылықты қараңғыда,
Жүректе үрей болса қуыс керек

Алдын соқпақ із қалыс керек,
Өнер үшін алысқа барыс керек
Аға керек ақылы асып жатқан.
Іні керек шаршасаң дем беретін.

Махаббат мархабаты болыс керек.
Рахат ләззәт ізсіз қойыс керек,
Айтқанды айтқан жерде екі етпей.
Сенімге серт байласып тұрыс керек,
Сегіз қырлы бір сырлы болу керек.



МЕНИҢ ДАЛАМ

Далам менің бұрқыраған шаң емес.
Қып-қызыл тас төңкерілген тау емес.
Тұнып тұрған гүл-бәйшешек бақ емес.
Сусыз, нәрсіз кеберсіген шөлде емес.
Менің далам пейіштің нақ төріндей,
Қиып өтсең жолаушылап даламды.
Кете алмассың көңілің бір егілмей.

Далам менің орман емес. көл емес.

Пікірлер таласы шындықтың
айғағы, ақылдың жаттығуы.

Ойға шому - ақылдың
өрістеуі, шынығуы.

қасыңа күлу - әлсіздік.

қасыңды жеткілікті түсіну -
білімділік, мұның айыбы жоқ.

Елім деген екеу, өзім деген
біреу.

Елің ер қорғайды, қор кімді
қорғайды.

Жақсы болу адамға тән, жа-
мандық кісіде ғана болмақ.

Істі аяқсыз қалдыру - қайы-
рымсыздық. бас еркін билей ал-
мау.

Ата-ана - ыстық, бала -
қызық, сүйген жарың - сұлуың.

Саздың шетін көрғұрлым кірді
аз бассаң, соғұрлым өзіңе жеңіл.

Неғұрлым адам көп білсе,
Соғұрлым ол аз білдім демек.

Мені түсінбеді деп біреуді
сөгуің,
өзіңді қорлағаның.

Ер - елдің ері, халқының досы.

Халық - қамқоршы. ел -сүйеніш

Ойға келгеннің бәрін істеу
ақылдың ісі емес. ақымақтың ісі.

Өрт пен судың арасына дәне-
кер болма,
Не суға кетесің, не өртке
күйесің.

Биіктен секірем деме. құзға
құлайсың.

Жаным десең, жан ауырады,
Күнім десең, жаман күледі.

Кешегіні ұмытпа, бүгінгіні
кор, ертеңгіге ұқыпты бол.

Өзіңді жыл сайын емес, күн
сайын тексер, сонда ғана көп жа-
сайсың.

Карияның жасын сұрама,
ақылын сұра.

Озбыр болсаң, ақылды бол
Озбырлықты ақыл ғана же-
неді.

Адамға сенбе, адамыңа сен,
Адамға берде. адамнан ал.

Сөзіне сен бе, өзіне сен,
Өзіне сен бе. ісіне сен.

Мал семірсе запал ма,
Жан семірсе не пайда ?

Адамды қорлама, өзіңді өзің
қорлағаның.

Мор.АССР-і, Потьма стансасы.



ҰСТАЗҒА

Қасиетті абзал жанды көргенде,
Бар қуатым бойымдағы ширығар.
Ойындағы ізгілікті сезгенде.
Болса деймін оқушысы шың ұғар.

Қараңызшы замандастар. жолдастар,
ІІІәукең отыр ортамызда жол бастар.
Дүниені "Өліппемен" аштырып.
Қарт болған космосқа жол нұсқар.

Біз бүгінде ұстазбыз да ғалымбыз,
Ұстазы бар ұстаздың да ғалымның.
Лауазымыз қанша биік болғанмен,
Шәкіртіміз Шәукей сынды ұстаздың.

Сарқылмас күш. бойдағы бар жігерін,
Бар қуатын, бар ақ ниет тілегін.
Шәкіртіне сарқа берсе таусылмас.
Көріңізші абзал жанның жүрегін.

Желеу етіл тон тастағым келмейді.
Шәукең сынды тарлан да бұған көнбейді
Уа, ұстазым. ақ ниетім тілегім,
Сізді көрсек көк жүзіне өрлейді

О жүректер бірің тарсың, бірің кең,
Бірің паңсың, бірің пәнсің семірген.
Алпыстағы қарт ұстаздың жанындай.
Абзалдықты көре алмаймын көбіңнен.

НАМЫС КЕРЕК

Қажыр керек қажымас қайрат керек,
Досқа сыр дұшпанға айбат керек.
Бел керек қара нардай бекім жолға,
Болмаса табансыз ер тайғақ келед.
Намыс керек, ел үшін табыс керек,
Досқа күш дұшпаныңды алыс керек.


САРЫАРҚА

Сарыарка алтын арқа, асыл арқа,
Жатырсың қариядай жасың арта.
Алысты аңсағанға балалайсың,
Куәлі шежіредей ғасыр арта.
Балалык өтті күнім баурында,
Халкымның жайлауы кең ауылында.
Анамдай бауырында бұйығамын,
Тұрмыстың ұмыт етіп ауырында.
Жел тұрса боран болып алай-түлей.
Көңілім қоса маздар жалын түлей.
Етек-жең болса шолак

жасқанбаймын,
Анамдай бауры ыстық алып дүлей.
Сарыарка дархан арқа, дабыл арқа,
Жатыр ел дабылына иек арта.
Жан тисе дабылда сен, сабырда сен,
Иығын берік сонша, таққан алка.
Бұлдыр күн, бұлыңғыр күн,

жатыр ойнап,
Уақыт билік етіп, салып ойнак.
Бұлт шығып, нөсер құйса серпілесің,
Бәйшешек гүл көктемін асыға ойлап.
Сарыарқа асыл арқа, ғасыр арқа,
Қысы аяз, жазы жұпар, жасыл арқа.
Көктемін дүниені ду етеді,
Күзде шық, тұманды күн

тылсымы арта.



МЕН АДАММЫН


Менін сырым тұнғыықтың
тереңінде, түбінде,
Менін сырым табиғаттын
сұлулығын көзінде.
Менің сырым ғасырлардың
тылсымынан өрбіген,
Ақиқаттан жаратылған
адамзаттың өзінде.

Менің сырым ата-бабам
топырағына жазылған,
Менің сырым тауды бұзған
тасқын бұлақ атылған.
Менің сырым күннің көзі, шуағы
мол мейірлі,
Ізгілікке, әділдікке ақтығынан
жарылған.

Менің жаным туған жердің
топырағынан жаралған,
Менің қаным туған жердің
қайнарынан нәр алған.
Менің арым тек осыны медеу
етер көңілге,
Күнмен батам, күнмен шығам
кышаң етіп бозарған.

Пісіп тұрған асландағы мәуе емес.
Әскер жиыл найза ұстаған қол емес,
Белес емес, адастырар жол емес.
Менің дало^, Асаи бйбаы даласы,
Қиыл өтсең жолаушылап даламды,
Сып тыйылар көңіліңнің жарасы.

Менің далам күмбірлетіп күй төккен,
Орман емес гүл орнына жыр еткен.
Әлемге аян тылсымы көп даламның,
Қуыс шанақ домбыраның ішінде.
Ғасырлардан сақтап қалған сыры бар,
Адамдардың кірмейтұғын түсіне.
Дозақтың да, азаптың да мұңы бар.



ДОМБЫРА

Бұл домбыра,
Бабалардың арманының куәсі.
Жауға қарсы салып шыққанда,
Қолдарына ұстап шығар туы осы.

Бұл домбыра,
Қас батырдың жорықтағы серігі.
Қансырап далам, қанжылап
батыр жатқанда,
Тек қана осы қарт домбыра сөйлі.

Мұның сыры халқыма аян қашанда,
Бүкіл далам шанағына сыйыл тұр.
Күмбірлеп күй, қанды көбік шашқанда,
Ай тұтылып. күн маужырап ұйып тұр.
Бұл домбыра,
Сар далама бар сапмағын үйіп тұр.
Көтере алмай қара жердің,
Сырқырап белі ұйып тұр.
Бар даламды шанағына сыйғызып.
Қара жердің басын төмен игізіп,
Бұл домбырам күмбірлемей неғып тұр.

Қарт домбырам ғасырлардың бабасы,
Қазақтардың кең жазира даласы.
Домбырамды бабаларым қандырған,
Жеңілмейтін, жеңгізбейтін,
Жігер, қайрат. қуат тұр.

Менің сырым домбыраның пердесіне
жазылған.
Шектерінен күй бол, мұң боп ағылған.
Достарымда, дұшпанымда, бар әлем,
Домбырамды қоймастан-ақ сұрап тұр.

<i>Ер елмен егіз, халықпен то- ғыз.</i>	
<i>Жел жоқ деме, дауылға тап боларсың.</i>	
<i>Білем деп сөйлеме білгеніңді айт.</i>	
<i>Ақып - алтау, ой - жетеу. Ақылға салмай ойыңды іске асырам деме.</i>	
<i>Қайратыңа сенбе, ақылына сен</i>	
<i>Жолдасыңа сен бе досына сен.</i>	
<i>Жақсы жанмен сөйлесу, Өміріңмен тілдесу.</i>	
<i>Қайрат денедегі күш, жігердің егізі.</i>	
<i>Тек өз ертеңінің қызығы үшін өмір сүру, қашанда халық қарғы- сының азабынан қаза табады.</i>	
<i>Жоқ жеткізбес, бар озғызбас, Жеңсең абыржыма, озсаң аял- дама.</i>	
<i>Жаманды көріп жақсы бол, жақсы жақсылығымен демейді. Жақсылығының өзі де осы ғана.</i>	
<i>Терек өскен жерге қайың да өседі, Қайың бірақ терек болмас. Хайуан туған жерде адам да туады, Адам бірақ хайуан болмас.</i>	
<i>Ауызға түскен у өзіңді ғана улайды, Ауыздан шықса дүниені улай- ды.</i>	
<i>Анадан қарғыс алма, атадан бедел алма, Ана қарғысы - оқ, ата беделі алғыс емес.</i>	
<i>Шет шұғыласы.2011.-26 мамыр (№21).- 4 б</i>	

<i>Кеңдігіне не пайда.</i>	
<i>Жалғассыз өзен жоқ, Түпсіз терең жоқ.</i>	
<i>Адамның теңі жақсы, Көңілдің кеңі жақсы.</i>	
<i>Жерді нық бассаң - қыл көпірден өткенің, Жалтақ бассаң, ізгіні зұлым өткенің.</i>	
<i>Ас барда жоқтығын білсең - қанағат.</i>	
<i>Иығында қанша жүк тұрса, сонша күш керек. Артық алсаң жаншыласың, кем алсаң ұтыласың.</i>	
<i>Шың жарылса пана болмас тасада, ел жарылса пана болмас босаға.</i>	
<i>Мың жыласа көз жасы, Толқынды су телегей, Ағарсың да кетерсің.</i>	
<i>Ақымақта ақылды сөз көп, Ақылдыға бергісіз. Ақылдыда ақылсыз сөз көп, Ақымаққа бергісіз.</i>	
<i>Атаққа сенбе, ақылға сен, Ақылға сенбе, ғасырға сен.</i>	
<i>Өзшіңе сенбе, ісіңе сен.</i>	
<i>Халықтан аспа, қаһарына ілінесің.</i>	
<i>Ата-анаңды сыйлағаның. ха- лқыңды сыйлағаның.</i>	
<i>Жел жоқ деме, дауылға тап боларсың.</i>	
<i>Дүниеде ешқандай жаман адамның болуы мүмкін емес, Тек адасқандар ғана болмақ.</i>	